

«6D010300 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін (PhD) алуға арналған диссертацияның

АҢДАТПАСЫ

Монобаева Агипа Ивановна

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім жүйесін мемлекеттік реттеу: мәселелері мен жетілдіру жолдары

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына сәйкес мемлекет қызметінің анағұрлым басым бағыттарының бірі – адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Білімнің адами капиталдағы рөлі мен ықпалы туралы пікірталастарда бизнес-білім мәселелері басты орында. Дәл осы бизнес-білім сыртқы ортаның өзгеру ерекшелігін көрсете отырып, ұлттық экономика үшін басқарушы және кәсіпкерлік кадрлар даярлау сапасымен байланысты проблемаларды шешудің лайықты тәсілдерін бере алады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда кәсіби басқарушы кадрлар тапшы. Халықаралық ұйымдардың Қазақстанның инвестициялық климатын зерттеу және инновациялық даму жағдайы жөніндегі есептерінен еңбек нарығында басқару білімі мен тәжірибелік дағдысы бар, заманауи технологияларды білетін мамандарға ұсыныс жеткіліксіз екендігін байқауға болады, бұл инновациялық экономиканы іске асыру үшін тежеуші фактор болып табылады.

Бизнес-білімді дамыту мәселесіне, атап айтқанда кәсіпкерлік кадрларды даярлауға G-Global виртуалдық жобасы негізінде әзірленген «Әлемдік дағдарысқа қарсы жоспар» жобасында үлкен көңіл бөлінеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы» атты Жолдауында кәсіпкерлік «жаңа экономикалық бағыттың қозғалтушы күші» деп аталады.

Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов Халықаралық бизнес академиясының (ХБА) 25 жылдығына арналған «Кәсіпкерлік және өзгермелі әлемдегі бизнес-білім» конференциясына (2013ж.) қатысушыларға арналған үндеуінде Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың жалпы стратегиясында басты көрініс болып табылатындығын және оны дамытуда басты рөл отандық бизнес-білім мен кәсіпкерлік ЖОО-ларға бөлінетіндігін атап көрсетті.

ЭЫДҰ елдерінде басқару біліміне дәстүрлі түрде үлкен көңіл бөлінеді. Бұған бизнес мектептерінің көптеген зерттеулері мен рейтингілері куә. Басқару білімінің деңгейі, оның бизнес-қауымдастық қажеттіліктеріне сәйкестігі білім жүйесінің және жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, қазақстандық бизнес-мектептердің қызметіне жүргізілген талдау қолданыстағы заңнама шеңберінде бизнес-білім беру бағдарламаларын іске асыру талаптары аталмыш саланы дамытуға кедергі келтіретін белгілі бір қиындықтарды туғызатынын көрсетеді. Көбінесе бұл проблемалар бизнес-

білімнің тұтас тұжырымдамасының болмауымен және осы салада нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігімен байланысты. Соған қарамастан дәл осы бизнес-білім білімнің басқа салаларымен салыстырғанда экономикамен, бизнеспен және жалпы алғанда еңбек нарығымен тығыз байланыста. Сондықтан бұл саланы дамыту мен жетілдіру ұлттық мүддеге сай деуге болады.

Зерттеу барысында анықталған бизнес-білім саласындағы проблемалар терең зерделеу мен теориялық ұғынуды талап етеді. Аталған проблемалардың шешілмеуі басқару кадрларын кәсіби даярлаудың сапасын төмендетуі мүмкін, бұл экономикалық өсу қарқынына сөзсіз әсер етеді. Мұндай жағдайда мемлекеттің білім беру процесіне араласуы, мемлекет қолдауын қажетсінетін бизнес-білімді реттеу әдістерін өзгерту қажет екендігі айдан анық. Жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім жүйесін мемлекеттік реттеу маңыздылығын жете бағаламау және экономика үшін кәсіби басқару кадрларын даярлау проблемаларына жеткіліксіз көңіл бөлу күрделі мәселелер туындатып, ұлттық мүддеге қатер төндіруі мүмкін. Осылайша, жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім жүйесін мемлекеттік реттеу тақырыбы қазіргі кезеңде өзекті және ғылыми зерттеулер үшін қажет екендігі анық.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім жүйесін мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша жаңғыртылған әдіснамалық тәсіл мен практикалық ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мына **тапсырмалар** белгіленді:

- 1) «жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білім» санатының мәнін қарастыру мен ашу және осы ұғымдардың жіктемелік сипатын анықтау;
- 2) шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде бизнес білім жүйесін мемлекеттік реттеудің өзіне тән ерекшеліктерін анықтау;
- 3) Қазақстан Республикасында жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білім жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді зерттеу, проблемаларын анықтау және оны жетілдіру бағыттарын анықтау;
- 4) Қазақстандағы бизнес білім жағдайын анықтау: факторларды талдау, даму кедергілері мен беталысын анықтау;
- 5) жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білімді мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілін әзірлеу.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білім жүйесі (бизнес-білім бағдарламаларын іске асыратын бизнес-мектептер, университеттер) болып табылады.

Зерттеу мәні – Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білімін дамытуды мемлекеттік реттеудің ұйымдастыру, экономикалық және басқару құралдарының жиынтығы.

Теориялық-әдіснамалық негізі болып шетелдік және қазақстандық ғалымдардың бизнес-білім және мемлекеттік басқару саласындағы іргелі еңбектері, ғылыми идеялары, тұжырымдамалары қызмет атқарады. Зерттеу кез келген жүйені немесе саланы реттеу негізінде реттеудің басты қағмдалары мен әдістерін анықтайтын мемлекеттік басқару теориясы немесе моделі жататындығына негізделген.

Зерттеу барысында ғылыми танымның диалектикалық әдістері (жүйелік тәсіл, талдау және синтез, қорыту), статистикалық және регрессивтік талдау әдістері қолданылды. Ұсынылған диссертацияда сонымен қатар сараптамалық сұхбат және сауалнама жүргізу әдісі қолданылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мемлекеттік басқару теориясы тұрғысынан алғаш рет Қазақстан Республикасындағы бизнес-білім нарығына кешенді зерттеу жүргізілгендігінде. Ең маңызды нәтижелері мен олардың ғылыми жаңалығы мынадай:

- 1) «бизнес білім», «жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім» ұғымдары негізделіп нақтыланды, осы ұғымдардың өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жіктемелік белгілері анықталды;
- 2) шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде бизнес-білім жүйесін мемлекеттік реттеудің өзіне тән ерекшеліктері анықталды;
- 3) жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім саласындағы қазақстандық заңнаманы жетілдіру бағыттары анықталды;
- 4) жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білімді жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірленіп ұсынылды;
- 5) Қазақстан Республикасында жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес білімді мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілі әзірленді.

Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер

- 1) Жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім дегеніміз тәжірибелік дағдылары мен басқару білімін қалыптастыруға бағытталған, өзара байланысқан кәсіби білім беру бағдарламаларының жиынтығы болып табылады. Авторлық түсіндірме бұл санатты жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білім жүйесіндегі инновациялық экономикаға арналған жоғары білікті кәсіпкерлік және басқару кадрларын даярлауға, қайта даярлауға және кәсіби дамытуға бағытталған кәсіби білімнің жеке әрі жоғарғы деңгейі ретінде сипаттайды. Кәсіби білімнің жеке сегменті бола отырып, бизнес-білім білім беру қызметінің пәнаралық саласын көздейді, бұл оны білім берудің басқа салаларынан ерекшелеп көрсетеді.
- 2) Экономикасы озық елдердегі бизнес-білімді мемлекеттік реттеудің өзіне тән ерекшеліктері мемлекеттік басқару органдарын, кәсіби бизнес-қауымдастықтар мен бизнес-білім мекемелерін орталықсыздандыру, олардың арасындағы функцияларды, өкілеттіліктер мен жауапкершілікті теңдестіріп бөлу болып табылады. Бұл тәсіл «жаңа мемлекеттік менеджмент» (New Public Management), «желілік басқару» (Network Governance) сияқты мемлекеттік басқарудың заманауи тұжырымдамаларына негізделген. Аталған тұжырымдамалардың қағидаларын Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу жалпы алғанда мемлекеттік реттеудің, жеке алғанда бизнес-білімнің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
- 3) Қазақстанның бизнес-білім жүйесі заңнамалық қолдауды қажет етеді. Бүгінгі таңда «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарды, қолданбалы бағыттағы бизнес-білім бағдарламаларына қатысты жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің МЖБС-ін қайта қарайтын және өзгерістер енгізетін уақыт жетті.

Жоғарғы оқу орындарына MBA және DBA бағдарламаларының мазмұнының минимумына, бағдарламаға қабылдау тәртібін, бағдарламаның ерекшелігін ескере отырып оқыту нысанын, оқуға түсу талаптарын қоса алғанда өздігінен талаптар қою мүмкіндігін берудің маңызы бар.

4) Бизнес-білімдегі ағымдағы жағдай Қазақстандағы жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білімді дамытудың тұтас тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігін ұсынады. Бұл ретте біліктілік тәсіл негізінде бизнес-білім бағдарламаларын жобалау, бағдарлама мазмұнын нақты экономика секторының қажеттіліктеріне сәйкес жаңарту, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту, бизнес-білім әдіснамасын жаңғырту, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану, оқу жоспарларын интернационалдандыру және т.б. сияқты қазіргі заманғы беталыстарды ескеру өте маңызды.

5) Жоғарғы оқу орнынан кейінгі бизнес-білімді мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың ұсынылған тұжырымдамалық тәсілі мемлекеттік-жеке серіктестік нысанында желілік басқаруды көздейтін “Network Governance” тұжырымдамасына негізделген. Ұсынылған модель желілік өзара іс-қимыл, тәуекелдерді есепке алу және бағалау, алдын алу және ескерту, сарапшыларды, кәсіби ұйымдар мен жұмыс берушілердің бірлестіктерін тарту және т.б. сияқты бизнес-білім нарығын реттеудің жаңа тәсілдерін қолдануды көздейді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған теориялық ережелер мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы ғылымды толықтырып дамытады. Зерттеу нәтижелері мен ұсынылған ұсыныстарды бизнес-білімді мемлекеттік реттеуді ғылыми негіздеу және бизнес-білімді мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың негізін қалау үшін, сондай-ақ осы саладағы заңнаманы өзгерту және серіктестік тетіктерін құру үшін әдістемелік база ретінде пайдалануға болады.

Практикалық маңыздылығы – қол жеткізілген ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын нысаналы ғылыми-зерттеу бағдарлама шеңберінде «Жаңа салалар мен технологияларды дамытуды ескере отырып еңбек нарығы қажеттіліктерінің болжамдарын әзірлеу тәсілдері» тақырыбы бойынша жобаға енгізілуімен анықталады.

Автордың жоғары оқу орнынан кейінгі бизнес-білімді жетілдіру жөніндегі кейбір ұсыныстары Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің Халықаралық бизнес мектебінің тәжірибелік жұмысында көрініс алды.

Диссертацияның негізгі ережелері 10 мақалада, соның ішінде жетеуі журналдарда жарияланды, төртеуі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда талқыланды, солардың екеуі шетелде өткізілді. Үш жарияланым Білім және ғылым министрлігінің Білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және тағы бір жарияланым Scopus индекстелетін журналда жарық көрді.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиет көздерінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 158 бет.